

«ӨНЕР – ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ»: Қосшының мәдени-рухани әлеуеті асқақтады

Бүгінде Ақмола облысы бойынша ел Тәуелсіздігінің 35 жылдығы аясында «Өнер – халық қазынасы» атты ауқымды халық шығармашылығы байқауы белсенді түрде өткізіліп отыр. Бұл мазмұнды мәдени іс-шара қазақтың ұлттық өнерінің бай мұрасын барынша дәріптеу масатында қолға алынған. 23 сәуірде Қосшы қаласы Қоғамдық мәдени-спорт кешенінің аумағында да дүркіреп өтті. Бір ғажабы, осы бір рухани сабақтастық пен мәдени үндестіктің жарқын көрінісін тамашалауға келіп, иін тіресе жүрген жұрт қатарында қисап болмады.

Шығармашылық додада жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан өнер иелері анықталып, сахна төрінде өз шеберліктерін паш етті. Осылайша, құрылғанына бес жыл толып отырған жас қалада ән мен күй, би мен театр, дәстүр мен жаңашылдық үндесіп, көпшілікке ұмытылмас әсер сыйлады. Қала әкімдігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, шараға мыңнан аса өнерпаз қатысқан. Еске сала кетсек, Қосшы қаласы – еліміздегі ең жас әрі қарқынды дамып келе жатқан шаһарлардың бірі. 2021 жылғы 26 шілдеде президенттің №629 Жарлығымен қала мәртебесіне ие болған бұл аймақ бүгінде әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан ілгерілеп келеді. Ресми деректерге сәйкес, қалада 68 мыңнан аса адам тіркелген болса, бейресми көрсеткіш бойынша халық саны 100 мыңнан асады.

Осы орайда баса тоқтала кетер жайт, Қосшының алғашқы бес жылдық мерейтойы аясында жыл басынан бері түрлі мәдени, рухани, инфрақұрылымдық және бұқаралық-шаралар ұйымдастырылып, тұрғындардың белсенді қатысуымен жоғары деңгейде өтіп келеді. Ал олардың жақсы өтуіне ұйытқы болып тұрған Қоғамдық



Биылғы байқаудың жаңалығы ретінде заманауи көрме залында көлеңке театрының қысқа қойылымы ұсынылды. Айта кетсек, бұл – 1 500 жыл бұрын Азияда пайда болған ерекше өнер түрі. Қытай мен Үндістанда кең тараған көлеңке театры уақыт өте келе Еу-

Бұл бөлім Қосшы қаласының өткеніне үңіліп, Қосшығұловтар әулетінің кәсіпкерлік тарихын таныстырды. Артқа шегініс жасасақ, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында бұл әулет қазақ даласындағы ірі саудагерлердің бірі болған. Олар кірпіш өндірісі, тері өңдеу, көлік жасау ісімен қатар, шетелдік өнімдерді саудалаумен де айналысқан. Тіпті, олардың фабрикасында өндірілген тәтті өнімдер патша сарайының дастарханына дейін жеткен. Кешегі жәрмеңкеде сол кезеңнің атмосферасы қайта жанданып, ұлттық спорт пен дәстүрлі ән өнері көрініс тапты.

Музыкалық бағдарлама да ерекше мазмұнға ие. Құрамы тек ер балалардан құралған «Шертер», «Алтын перне» және «Әлқиса» домбырашылар ансамбльдері, сондай-ақ өнер орталықтарының тәрбиеленушілерінен құралған 100-ден аса жас оркестр «Ер Тұран» күйін орындап, көрерменді тәнті етті. Бұл – ұлттық аспаптық өнердің қуатын сезіндіретін әсерлі сәттердің бірі.

Сонымен қатар биыл күйші Дина Нүрпейісованың 165 жылдығына орай арнаулы көрме ұйымдастырылып, жас суретшілердің туындылары ұсынылды. Дәулескер күйшінің

домбырашылар ансамблінің орындауындағы шығармалары рухани кештің мазмұнын толықтыра түсті.

Жалпы алғанда, бұл ауқымды Гала-концертте 30-ға жуық шығармашылық ұжым өнер көрсетті. Олардың қатарында «Замандастар» халықтық хоры, «Есіл Нұра» фольклорлық ансамблі, «Qosshy band» вокалды-аспаптық тобы, «Тарту» ансамблі және отбасылық шығармашылық ұжымдар бар. Бұл – өнердің тек кәсіби деңгейде ғана емес, отбасылық дәстүр ретінде де дамып келе жатқанын айқын аңғартады.

Осыдан-ақ қазіргі Қосшының тек инфрақұрылымдық жағынан емес, рухани-мәдени тұрғыдан да қарқынды дамып келе жатқанын көруге болады. Қаланың мәдени орталығы әлдеқашан шығармашылық пен білімнің, демалыс пен дамудың ордасына айналған. Өйткені мұнда жас буынға да, ересектерге де тең мүмкіндік жасалып отыр.

Қысқасы, «Өнер – халық қазынасы» байқауы Қосшы қаласының мәдени әлеуетін тағы бір айқындап берді десек, артық айтқандық емес.

Ерік ЕЛЕУСІЗ



мәдени-спорт кешені – қаланың мәдени өміріндегі басты нысандардың бірі. Заманауи талаптарға сай жабдықталған бұл кешен спорттық, білім беру және мәдени демалыс бағыттарын біріктіретін әмбебап орталық саналады. Мұнда 233 орындық кинотеатр, 300 адамға арналған концерт залы, көрме конференция залдары, түрлі студиялар, коворкинг аймақтары мен оқу залы бар кітапхана қызмет көрсетеді. Сонымен қатар кешен аумағында спорт алаңдары, воркаут аймақтары, серуендеуге арналған аллеялар орналасқан. Балалар үшін робототехника, шахмат, хореография және қолданбалы өнер үйірмелері жұмыс істейді десек, сонымен қатар ересектерге арналған шығармашылық және демалыс кеңістіктері де қарастырылған.

Бұл жолғы іс-шараның ерекшелігі – оның ауқымдылығы мен мазмұн байлығында. Байқау тек сахналық қойылымдармен шектелмей, кешеннің ішкі және сыртқы аумағын толық қамтыды. Келушілерді кіреберісте «Ән-қанаты» және «Әуен» хор ұжымдары Сәуле Боранбаеваның «Самға, Қазақстан» әнімен қарсы алып, мерекелік көңіл күй сыйлайды. Сондай-ақ әртүрлі жас санатындағы қатысушылардың бір сахнада өнер көрсетуі – ұрпақтар сабақтастығының айқын дәлелі.

ропа елдеріне де жетіп, әлемдік мәдениеттің бір бөлігіне айналған. Қосшыда бұл бағыттағы аниматор әрі актер Жақсығали Мұхит қолға алып, мемлекеттік грант аясында дамытып келе жатыр. Қойылымда адам өмірінің кезеңдері – дүниеге келу, өсу, қалыптасу сынды маңызды сәттер көркем тілмен бейнеленеді.

Ал көрме залында «Киелі өнердің өшпес ізі» атты халықтық және сәндік-қолданбалы өнер көрмесі ұйымдастырылды. Онда танымал шеберлер Бектас Кәрім, Асқат Бозымбай, Нұржан Ділманов, Гаухар Қанатбаева, Әлия Қалиасқарова, Әбілқайыр Оразақов, Ертай Сәрсенов сынды өнер иелерінің туындылары қойылған. Сонымен қатар жас шеберлердің де еңбектері көрермен назарына ұсынылып, шығармашылық сабақтастық жалғасын тапты. Келушілер көрмені тек тамашалап қана қоймай, шеберлік сағаттарына қатысып, өз қолымен бұйым жасап көруге де мүмкіндік алды.

Кеш аясында тарихи мазмұндағы «Тас дүкен» жәрмеңкесі де шебер ұйымдастырылды.





Фотосурет: кейінгі орын және мұрагері

Қосшы қаласының тұрғыны, ақын, этнограф, мәдениеттанушы, фольклор зерттеуші, «Қарымжы», «Қайран дәурен», «Мыңбұлақ», «Атам айтқан әңгімелер» атты поэзия, прозалық кітаптарының авторы Кәдірхан Қизатұлы наурыз айының 21-інде көлік апатынан қапияда мерт болып еді.

Кәдірхан Қизатұлы 1963 жылы ШҰАР Тарбағатай аймағы, Дөрбілжін ауданында дүниеге келіп, өзінің өнерімен ортасына тез танылып, айналасына абыройлы болды. Ел арасында кең тараған толғаулар мен ән сөздерінің де авторы атанды. Шыңжандағы қазақ қаламгерлерінің қайнаған ортасында жүріп, кеудесін қазынаға толтырған азамат.

Ерекше есте сақтау қабілетінің арқасында қағазға түспеген қаншама әзіл, әңгіме, естеліктерді, өлеңдерді жатқа айтады. Ол 20 жылға жуық уақыт Тарбағатайдың Дөрбілжін аудандық мәдениет мекемесінің директоры қызметін абыроймен атқарды. ҚХР Мемлекеттік ауыз әдебиеті қоғамының, ШҰАР Әдебиет және көркемөнер қоғамының, Іле облыстық айтыс зерттеу қоғамының, ҚР авторлар қоғамының мүшесі. Сонымен бірге дүниеден озардан аз ғана күн бұрын Қазақстан Жазушылар одағына мүшелікке қабылданған еді.

Өзінің талантымен, мол тәжірибесімен қаламыздың руханиятына да еселі үлесін қосып үлгерген елағасы, ардақты азаматты сағына еске аламыз. Осы орайда ақынның рухани інісі, журналист Бейсен Сұлтанұлының мақаласын оқырман назарына ұсынып отырмыз.

ЖОҚШЫНЫ ЖОҚТАУ

(АҚЫН КӘДІРХАН ҚИЗАТҰЛЫН ЕСКЕ АЛУ)

Қайран, Кәдірхан аға!

Сізді еске алып, сағынып, қолымазға қалам аламыз деп ойламаған едік қой. Ажал – қапы, өлім – хақ. Сонда да халықтың қазынасын арқалаған сандал атан шөккендей, елдің қиуын көтерген хас тұлпар қапияда сүрінгендей, әлі күнге аламантасыр күйде жүрміз. Ел егіліп жоқтады, арғы бетің азынап қалды, бергі бетің белінен шойырылды. Қадірің мен қазынаңды бағамдап үлгермеген қаламдас бауырларыңыз мәнқапы қалды.

Енді бұлай сөйлегеніммен Сіз естімейсіз, сондықтан ендігі сөзді қалың орман – қалың жұртқа қарата сөйлеуге туралы келді.

Ол Қытайдағы қазақ айтысының ірі өкілі ғана емес, зерттеушісі, жоқтаушысы болды. Күйші, шежіреші, шешен еді. Күллі әңгімесі айналасындағы таланттардың ғажап болмысына сүйіну, солар туралы ершімді естеліктер айту еді.

Атап айтар болсақ, Қытайдағы Жамалхан Қарабатырқызы, Бердіхан Абайұлы, Жұмағали Құйқабайұлы, Құрманбек Зейтінғазыұлы және Задахан Мыңбаев сынды қазақтар арасында белгілі біртуар өнер иелерінің артында қалған мол мұрасын елге жеткізуді мақсат тұтқан тұлға еді. Өмір жолының өзекті үзіктеріне қарар болсақ, қазақ руханиятына еселі үлес қосқан есіл азамат екеніне көз жеткізеріміз даусыз.

Кәдірхан Қизатұлы еңбек жолын 1980 жылы мектепте мұғалім болудан бастап, 1995-2014 жылдары Дөрбілжін аудандық мәдениет үйінің директоры қызметін

ды. Бұл жалғаннан кәрі де, жаста кетіп жатыр. Өлім дегеннің жеңіл болған ба!?. Дегенмен көптің көңілінде жүрген, елге сыйымды, біреуді үлкен, біреуді кіші деп қарамайтын, ақкөңіл, ашық-жарқын, аяулы адамнан айырылғанда, қолына қалам ұстайтыны да, ұстамайтыны да қағаз бетіне өз жоқтауларын жазады екен. Оны осы жолы қадірлі Кәдаған (жұрт солай атап кеткен, – авт.) қайтқанда білдік. Шынын айтқанда, жоқтауды оқыған, тыңдаған адамның көңілі одан сайын босамаса, сабырға келіп, көз жасын тыймайтыны анық. Бірақ, соған қарамастан, Кәдірхан Қизатұлы қайтыс болғанда алыс-жақыннан көптеген жоқтау әлеуметтік желіде желдей есіп, ақпарат кеңістігін алып кетті. Демек барлығына өз бауырындай, жақынындай қарап, жарқылдап жүрген, ашық-жарқын азаматты қара жерге қию қиынға түскен секілді.

Өз басым Кәдірхан ағаны бала күнімнен білетінмін деп айтуыма болады. Екеуіміздің тұратын жеріміз соншама шалғай болса да ол кісіні бізге танытқан 1986 жылы 23 жасында жазған «Теңсіз бөліс» атты өлеңі болатын. Араға 30 жылдан аса уақыт салып барып, Кәдағанмен тікелей таныстық, аға-бауырдай болып араласып кеттік. Шығармашылық байланыста болдық, сұхбат алдық, көптеген құнарлы, мәнді әңгімелерін тыңдап, рухани сусындадым. Ол кісінің дене पोшымы қандай кесек болса, жандүниесі де солай кең-мол, дарқан мінезді кісі болатын. Бір нәрсеге артық күйіп-піскенін көрмедім.

батырқызының жоқтау жырлары» деген тақырыптағы зерттеу мақаласын жазған еді. Тура осы тақырыпқа орай бір жыл бұрын «Kazinform» ХАА агенттігі және «Әдебиет порталы» сынды басылымдарда Жамалхан Қарабатырқызының айтыста қарсылас атанған әріптестерін және жақындарын жоқтауын көлемді екі мақалаға сыйдырып жариялаған еді. Сөзімізді бастамас бұрын үнемі өзі айтып, дәріптеп жүретін Қытай қазақтарына белгілі талантты ақын Задахан Мыңбаевтың Кәдірхан туралы жазған өлеңінен үзінді бере кетейік:

«...Онсыз да хан көтерген жамағаты,
Лақап атқа айналған азан аты.
Өнері бәр өзіндік сегіз қырлы,
Ауыз толар алаштың азаматы.

Семіртетін рухани азығымен,
Көңілінің көкөрай жазығы кең.
Айтыспастан баурайды әріптесін,
Аттық күлкі атандық әзілімен...» – деп баға береді Кәдірхан бауырына. Ал ақын, жазушы, ағартушы, қоғам қайраткері, Тарбағатайдың құрметті азаматы Қыдырхан Мұқатайұлы Кәдірхан туралы: «Шындық еді қасиетің негізгі ең, Толқығанды үйренгенсің теңізден. Білетінің – сырың бір ғой, ал қырың – Баяғыда-ақ асып кеткен сегізден...» – деп жазған.

Бұлар – Кәдағанның көзі тірі кезінде елге белгілі тұлғалардың берген бағаларының бір-екеуі ғана. Енді талантты өнер иесі, айтыс ақыны қайтыс болғаннан кейінгі жазылған, айтылған жоқтау хаттарға кезек берейік.

Кәдірхан Қизатұлы дүниеден өтті деген суыт хабарды естіген Зият Көбегенұлы атты қарт ақсақал:

«...Жазғаным жалған емес – сөз расы,
Боғданың аза тұтты тау мен тасы.
Кәдірхандай ұлына аза тұтып,
Төгілді сексен бестің көзден жасы.
Жоқтауын қара шалдың бекер деме,
Сендей ұлды жоқтамай өтем неге?...» – деп күңіренеді.

Сонау Боғданың төңірегіндегі аза тұтып жатқан жұртқа қарап, Кәдағанның алыс-жақындағы ағайын-туыс, дос-жаранға қаншалықты сыйлы екенін аңғаруға болады.

К. Қизатұлының жол-көлік оқиғасынан тосыннан мерт болғанын ести сала терең күйзеліспен, ерекше теңеулермен жыр жазған Әділет Ахметұлы есімді ақын болды. Оның жоқтауы көпшілік оқырманға өзгеше әсер еткенін байқадық. Ақын көңілдегі көрікті ойын айнытпай жеткізген деп айтуға болады.

«...Сегіз қырлы кісіні
Сетінетпей жазам ба?!
Марқасқа нарым жол тартты,
Маң-маң басып мазарға.
Майдангер жүйрік қош айтты,
Мың күндік мимырт базарға.
Жолбарыс жонды кісіге,
Жоқтау жыр жазсам болар ма?!
Опасыз ойран дүние,
Тоқтау бір саған болар ма?!
Егілген жанмен жыр жазсам,
Тоқтапты жұртым алар ма?!...» – деп, «Бұл Кәдірхан кім еді» деген өлеңін ұзағынан толғаған.

Сол секілді тереңнен толғап, артында қалған жақындарына көңіл айтып, сабыр тілеп, салмақты ойын білдіргеннің бірі фольклорист, ғалым Асқар Игенұлы болды.



«...Өтіпті қайран Көкен бұл жалғаннан,
Келсе ажал, асатыдан кімдер қалған?
Ендігі қолдан келер – сабыр ғана,
Тағдырға көну енді бізге қалған.
Әуелі көңіл айтам ел-жұртына,
Жақсы күн жалғасады сансыз түмен...» – деп ары қарай өмір тек қайғы-мұңнан тұрмайтынын, Абайдың сөзімен айтқанда, «Қары қалың, қатты қыстың артынан көгі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?» деген ойға жетелейді.

Өткенде ақын қайтыс болған кезде жазған ақпаратымда «Кәдірхан Қизатұлы қазақтың жоқтау жырларын да зерттеп, сол арқылы халықтың мұңын, жүректің зарын түсіне білген еді. Талай тұлғаны жоқтап еді. Енді Кәдірханды кім жоқтар екен?» деп жазған едім.

Айтып-айтпай не керек, өнер иесіне жазылған жоқтаулар саны өте көп болды. Бұрын бұндай көп жоқтау жазылғанын көрмеген екенмін. Мүмкін, өзі зерттеген, өзі еңбек сіңірген бұл жанрдың өзінің де осылай ағыл-тегіл жазылуы заңдылық шығар...

Солардың тағы бірі – ҚХР Шыңжаң Ұйғыр автономиялы өлкесі халық үкіметінің бұрынғы орынбасар төрағасы Тілепалды Әбдірешітұлы да Кәдірхан Қизатұлының қазасына: «Кәдірхан ақындардың серкесі еді, Халқының қалаулы ұлы, еркесі еді. Ақ жүрек, атан кескін, өр төс еді, Айырылды арысынан өлкесі енді. Еңбегі әлемге әйгі, елге еселі, Ертеңде ел: «Өтіпті-ау бір ер» деседі», – деп, «Арыс ақын» деген тақырып қойып, өлеңмен Кәдірхан туралы өз жоқтау хатын жазған екен.

Кәдірхан Қизатұлының айтыс өнеріндегі әріптес досы, айтыскер ақын Гүлден Мүлікқызы да өзінің қимастық сезімдегі жоқтауын өлеңмен жеткізген екен. Соның бірер шумағын ұсына кетейік.

«...Аз болса да мынау өмір сапарын,
Бағалаған туған елің, Отаның.
Бөлек ед қадірің мен қымбатың,
Биік еді абыройың, атағың.

Мен айтпасам, болар қарыз мойныма,
Ешкімді де қоя алмаспыз орнына.
Қалай қып тапсырамыз ағайын,
Ақыныңды қара жердің қойнына?!...» – деп жазған екен.

Жалпы, Кәдірхан Қизатұлына осы секілді қимас сезіммен жазылған жоқтау хаттардың қолға келіп түскен қатары өте көп болды. Олардың барлығын тізбелеп жазып отыруды газет беті көтермейтіні анық. Ал танымал айтыскер ақын, Кәдағанның замандасы Қайрат Құлмұхамедұлының «Кәдеш-ау, сенде кеттің бе?» деген шағын естелігі де ерекше жазылған екен. Сонымен қатар белгілі күйші Аршын Кәсімбаевтың «Кәдірхан ағамыз жастардың шабытына шабыт қосып отыратын» деген тақырыптағы еске алу жазбасы жұрт жүрегін толқитты. Ал ақын, журналист Қуаныш Ілиясұлы Кәдірхан ағасы туралы «Өнердің күміс көзді керегесі» атты шағын эссесін ұсыныпты. Ол жазбалардың баршасы баспасөз бетінде жарияланды.

Кәдірхан Қизатұлы бір ғана айтыс ақыны немесе күйші емес, өз дәуірінің үнін жеткізген, халықтың рухани жүгін арқалаған тұлға еді. Оның бойындағы дарын, парасат, адамгершілік қасиеттер – кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық асыл мұра. Ол тірісінде өнерді дәріптеп, өзгелердің еңбегін ұлықтап өтсе, енді өзі сондай ұлықтауға лайық тұлғаға айналды.

Артында қалған мұрасы, жазған жырлары мен зерттеулері – қазақ руханиятының алтын қорынан орын алады деп сенеміз. Ал өзі жайлы жазылған сансыз жоқтаулар мен естеліктер – оның ел жүрегінен қандай орын алғанының айқын дәлелі.

Өмірден өткенмен, Кәдірхан Қизатұлының есімі мен еңбегі халық жадында мәңгі сақталады. Оның жарқын бейнесі, кең пейілі мен шынайы болмысы оны таныған әр адамның жүрегінде өмір сүре береді. Бұл – нағыз өнер иесіне берілген ең үлкен баға. Жаны жәннатта, орны жұмақта болсын!

Бір кездері айналасындағы асылдардың бәрін жоқтаған жоқшыны, қазақ мәдениетінің жоқшысын енді қараорман халқы, қалың жұрты ұзаақ жоқтайтын болады.

Бейсен СҰЛТАНҰЛЫ,
журналист



атқарып, 2014 жылы демалысқа шыққан.

1980 жылдан бастап қазірге дейін 300-ден аса өлең, толғаулар мен 10-нан аса поэма жазған екен. 1986-2006 жылдары «Танымал айтыскер», «Өлке дәрежелі айтыскер», «Тарбағатай аймағына еңбегі сіңген айтыскер» атақтарын алған. Сонымен бірге ол – дәулескер күйші. Репертуарында өз авторлығындағы және көптеген халық күйлері бар.

2016 жылы тарихи Отанына қоныс аударып келгеннен бері «Мың бұлақ» жыр жинағы мен «Қытай қазақ ақындар айтысы», «Атам айтқан әңгімелер» атты кітаптар құрастырып, оқырманға ұсынған.

Жалпы, Кәдірхан Қизатұлы о дүниелік болғанда ағайын-туысты айтпағанда, дос-жаран, әріптес, таныс-білістерден күңіренбеген адам жоқ деп айтуға бола-

Менің байқауымша, Кәдаған – ұйымдастыру қабілеті де зор адам. Әдетте елпек, үлкенді-кішілі қандай шаруа болса да өте ширақ қимылдайтын. Жалпы, Кәдағанның елге жағымды бұл секілді жақсы қасиеттерін тізіп айта берсек, біраз жерге баратынымыз белгілі.

Бүгінгі айтайық деп отырғанмыз – жақсы азаматынан қапияда көз жазып қалғанда ағайын, дос-жарандары ғана емес, керек десеңіз, өмірінде бір-екі рет қана көргендер де жоқтау хаттарын жолдапты. Біз бүгін соларға қысқаша шолу жасап өткенді жөн көріп отырмыз.

Ол Қытай қазақтарынан шыққан талантты айтыс ақыны Жамалхан Қарабатырқызы екеуі жерлес, қызметтес болған. Кәдірхан Қизатұлы Жамалхан ақынның ешкім аңғармаған жоқтау жырларын зерттеген. Кейін «Жамалхан Қара-

ҚОСШЫДА ЗЕЙНЕТКЕР АНАЛАРҒА ЖАТТЫҒУ ЖАСАУ ТЕГІН

Қосшы қаласында зейнет жасындағы аналарға арналған ерекше әлеуметтік жоба іске асып жатыр. Нақты айтқанда, былтырғы қыркүйек айынан бері жергілікті тұрғын – ҚР мәдениет және өнер саласының І дәрежелі үздік төсбелгі иегері, республикалық және халықаралық байқаулардың жеңімпазы, «LAILA» шығармашылық өнер-білім орталығының директоры Ләйлә Ерболат өз еркімен таңғы жаттығу жұмыстарын тегін ұйымдастырып, аға буынның денсаулығын нығайтуға үлес қосып келеді.

Бұл бастама Қосшы қаласы, Түркістан көшесі 1/1 мекенжайында орналасқан «LAILA» шығармашылық өнер-білім орталығында тұрақты түрде жалғасын

тауып отыр. Жобаның негізгі мақсаты – зейнет жасындағы аналардың өмір сапасын арттыру, олардың денсаулығын жақсартып, сергек әрі белсенді өмір сал-



QR-код
арқылы қараңыз



тын қалыптастыру. Ұйымдастырушының айтуынша, саламатты өмір салтын насихаттау арқылы аға буын өкілдерінің ғұмырын мәнді де мағыналы өткізуіне жағдай жасау – басты міндеттердің бірі.

Бүгінде жаттығуға қатысушы әжелердің жасы 65-73 жас аралығын қамтиды. Соған қарамастан, олардың өмірге деген құлшынысы жоғары. Тұрақты қозғалыс пен жаттығудың арқасында қатысушылардың денсаулығы жақсарып, көңіл-күйлері көтеріліп, қоғам өміріне белсенді араласу мүмкіндігі арта түскен. Олар өздерін сергек сезініп, күнделікті өмірде белсенділік таныта бастаған.

Қазір таңғы жаттығуларға 40-тан аса

зейнеткер ана тұрақты түрде қатысады. Бұл көрсеткіш жас қалада саламатты өмір салтына деген қызығушылықтың артып келе жатқанын аңғартады. Сонымен қатар бұл бастама басқа тұрғындарға да үлгі болып, қоғамда денсаулыққа деген жауапкершілікті күшейтуге ықпал етіп отыр.

Айта кетсек, жаттығулар «Таза Қазақстан» акциясы аясында, ашық аспан астында ұйымдастырылады. Мұндай формат қатысушыларға таза ауамен тыныстап, табиғат аясында дене шынықтырумен айналысуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде олардың физикалық және психологиялық жағдайына оң әсерін тигізіп отыр.

ЖЕҢІС ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАС ДАРЫНДАР

Бұл байқаулар жас ұрпақтың рухани дүниесін байытып қана қоймай, олардың шығармашылық қабілеттерін шыңдап, ұлттық әдебиетке деген сүйіспеншілігін арттыруда ерекше маңызға ие. Осындай рухани сайыстар арқылы оқушылар қазақ поэзиясының тереңдігі мен көркемдігін сезініп, сөз өнерінің құдіретін ұғынады.

Байқауда оқушылар тек өлеңді жатқа айтып қана қоймай, ақындардың шығармаларын терең түсініп, оның мазмұнын жүрекпен жеткізе білді. Сахна мәдениеті, көркемсөз оқу шеберлігі, дауыс мәнері мен актерлік қабілеттері үйлесім тауып, олардың әрбір өнер көрсетуі көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Қазылар алқасы да оқушылардың дайындық деңгейіне, сөз саптауына, образды жеткізу шеберлігіне жоғары баға берді.

Облыстық кезең қорытындысы бойынша, 9 «А» сынып оқушысы Әли Мұхамеджан «Лияс – эпик ақын» номинациясы бойынша III орын иеленді. Ал осы сыныптың оқушысы Аружан Базарбай «Заманның заңғар тұлғасы» номинациясы бойынша үздік өнер көрсетіп, республикалық кезеңге жолдама алды. Сонымен қатар 9 «А» сынып оқушысы Табиғат Жеңіс «Жыр эстафетасы» номинациясы бойынша II орынға ие болса, 9 «Г» сынып оқушысы Айару Әбдібек «Дариға, домбырамды берші маған» номинациясы бойынша III орын иеленді. Ал 9 «А» сынып оқушысы Жанерке Рамазан «Өлең – менің Шолпаным, Айым, Күнім» номинациясы бойынша III орынға қол жеткізді. Бұл нәтижелер – оқушылардың жүйелі дайындығы мен үздіксіз еңбегінің айқын дәлелі.

Жас дарындардың осындай жетістік-

Биыл Көкшетау қаласында қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері – Мұқағали Мақатаев, Мағжан Жұмабаев және Ілияс Жансүгіров шығармашылығына арналған дәстүрлі байқаулардың облыстық кезеңі өтті. Қосшы қаласы №2 жалпы орта білім беретін мектебінің оқушылары осы жарыста жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, үлкен абыроймен оралды.



ке жетуінде олардың жетекшілерінің еңбегі де ерекше. Аякөз Өтегенова, Назгүл Әлжанова және Әсима Аралбаева сынды ұстаздар шәкірттеріне дұрыс бағыт-бағдар беріп, олардың бойындағы қабілетті аша білді. Ұстаз бен оқушы арасындағы тығыз байланыс пен шығармашылық ізденіс осындай биік нәтижелерге жеткізіп отыр.

Мектеп қабырғасында өткізілетін әдеби-мәдени іс-шаралар да оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал

етеді. Әсіресе, поэзия кештері, көркем-сөз оқу байқаулары, әдеби кездесулер арқылы оқушылардың сөздік қоры байып, сөйлеу мәдениеті қалыптасады. Бұл олардың тек байқауда ғана емес, жалпы өмірде де өз ойын еркін жеткізе алатын тұлға болып қалыптасуына негіз болады.

Осындай жетістіктер – мектеп ұжымының бірлескен еңбегінің нәтижесі. Білім ордасында дарынды балаларды қолдау, олардың шығармашылық бас-

тамаларын дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп отыр. Болашақта да осы үрдіс жалғасын тауып, жаңа жеңістерге жол ашары сөзсіз.

Жас дарындарға алдағы уақытта да шығармашылық табыс, биік белестер мен толағай жетістіктер тілейміз.

Ж. КӨПЖАСАР,
Қосшы қаласы №2 ЖОББМ
директорының бейіндік оқыту
жөніндегі орынбасары

Жылы мезгілде балалардың терезеден құлап кету жағдайлары жиілеп тұр. Бұл көбіне ашық терезе, москит торына сенім арту және ересектердің балаларды бақылаусыз қалдыруы салдарынан болады.

ТЕРЕЗЕ – ОЙЫН АЛАҢЫ ЕМЕС

Балалар табиғи түрде өте қызыққұмар болып келеді және терезе маңына жақындауы мүмкін. Алайда москит торлары – қауіпсіздік құралы емес, баланың салмағын көтермейді және жақтаудан оңай ажырап кетеді.

Осыған байланысты ата-аналар мен заңды өкілдер мына қауіпсіздік шараларын сақтауы қажет:

- балаларды терезесі ашық бөлмеде қараусыз қалдырмау;
- терезелерге арнайы құлыптар мен блокираторлар орнату;
- терезеге көтерілуге мүмкіндік беретін жиһаздарды алып тастау;
- балаларға терезе маңындағы қауіп туралы үнемі түсіндіру;
- ашық терезе жанында ойнауға жол бермеу.

Мамандардың айтуынша, көп жағдайда қайғылы оқиғалар ересектердің аз ғана уақыт бейқамдығынан болады. Сондықтан үйде терезе ашық болған жағдайда баланы ешқашан жалғыз қалдыруға болмайды.

Есте сақтаңыз: терезеден құлау – алдын алуға болатын қайғылы жағдай. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау арқылы баланың өмірін сақтап қалуға болады. Балалардың қауіпсіздігі – әрбір ересектің ортақ жауапкершілігі.

Қосшы қаласының ТЖБ

Jana
Bastau

Меншік иесі –
«Bastau Media» ЖШС

Директор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор
Еркеғали БЕЙСЕНОВ
Бас редактордың орынбасары
Ғанибет ҒАЛЫМБЕКҰЛЫ

ЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Аяжан ЕРБОЛ

ЖАРНАМА МЕНДЖЕРІ:
Мархаббат АСЫЛБЕК
8778 443 20 95

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ
Дизайнер-беттеуші
Ербол ҚАНАТҰЛЫ
Корректор
Ерік ЕЛЕУСІЗ

- Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС, Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99 77 77
- Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Газет аптасына 1 рет (әр аптаның сенбі күні) шығады.
- Республиканың барлық аймағына таратылады.
- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 куәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

📍 Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46

☎ Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

📰 Газет «Jana bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

✉ janabastau2022@gmail.com
🌐 www.janabastau.kz